

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы Ново-Явленка ауылы аумағындағы сұралып отырған жер учаскесі тұстамасындағы Ертіс өзені Тихая ағысының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 маусымдағы № 208 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 шілдеде № 7263 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы Ново-Явленка ауылы аумағындағы сұралып отырған жер учаскесі тұстамасындағы Ертіс өзені Тихая ағысының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы Ново-Явленка ауылы аумағындағы сұралып отырған жер учаскесі тұстамасындағы Ертіс өзені Тихая ағысының су қорғау аймағы аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеуі аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Өскемен қаласының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Экология, геология және табиғи ресурстар
министрлігі Су ресурстары комитетінің
Су ресурстарын пайдалануды реттеу
және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік
инспекциясының басшысының міндетін атқарушы

Е .

К а м б а р о в

2020 жылғы " ____ " _____

Шығыс Қазақстан
облысы әкімдігінің
2020 жылғы 23 маусымы № 208
қаулысына қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы Ново-Явленка ауылы аумағындағы сұралып отырған жер учаскесі тұстамасындағы Ертіс өзені Тихая ағысының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі

| С у оның учаскесі | Су қорғау аймағы | | | Су қорғау белдеуі | | |
|--|--------------------------------|----------------|-----------|-------------------|----------------|------------|
| | Объектісі, Ұзындығы , км | Ауданы , га | Ені, м | Ұзындығы , км | Ауданы , га | Ені , м |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| Қарастырылып отырған жер учаскесі тұстамасындағы Ертіс өзені Тихая ағысы (сол жағалау) | 2,8 | 17,8 | 500-732 | 1,2 | 4,34 | 35-286 |

Ескертпе:

Су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК